Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

Маяк

Районная еженедельная общественно-политическая газета

2025
жыл / год

10
қазан / октябрь

№40 (64606)

Издается
со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz

ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ ПЕН ІЗЕТ

Апта басында Астрахан ауылының мәдениет үйінде Халықаралық қарттар күніне арналған салтанатты шара өтті.

Бұл мереке жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінде аталып өтіп, аға буын өкілдеріне қамқорлық, көңіл бөлу мен құрмет көрсетудің маңыздылығын еске салады.

Салтанатты жиында аудан әкімі Талғат Ерсейітов ардагерлер мен зейнеткерлерге жылы лебізін білдірді. Ол өз сөзінде аға буын өкілдері – тарих пен дәстүрдің, отбасылық құндылықтардың сақтаушылары екенің, олардың еңбегі мен өмірлік тәжірибесі жастарға үлгі болатынын атап өтті.

Мерекеге орай бірқатар тұрғындарға көпжылдық еңбегі мен ауыл өміріне белсенді қатысқаны үшін алғыс хаттар табысталды. Марапатталғандардың қатарында еңбек ардагерлері, ұстаздар, денсаулық сақтау және ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері бар. Олар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан жандар.

Концерттік бағдарлама көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сахна төрінде балалар мен ересектердің шығармашылық ұжымдары өнер көрсетіп, халық және заманауи әндер мен билер орындалды, қарттардың даналығы мен өмірлік тәжірибесіне арналған өлеңдер оқылды.

Халықаралық қарттар күні – тек мереке ғана емес, сонымен қатар аға буынды әлеуметтік тұрғыда қолдаудың маңыздылығын тағы бір еске салатын күн. Бүгінде зейнеткерлерге түрлі жеңілдіктер, медициналық көмек көрсету бағдарламалары, мәдениет үйлеріндегі үйірмелер мен клубтарға қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

Сонымен қатар, ауданда еріктілер қозғалысын дамыту жобалары жүзеге асырылуда. Бұл бастамалар аясында жастар ардагерлер мен жалғызбасты қарттарға тұрмыстық істерінде көмек көрсетіп келеді. Мұндай қолдау қарт адамдардың өздерін қоғам назарында сезінуіне, қамқорлықтың бар екеніне көз жеткізуіне мүмкіндік береді.

Мерекелік кеш соңында барлық қатысушылар мен көрермендер бірге ән шырқап, әсерлі көңіл күйде тарасты. Бұл күн көптеген қарт тұрғындар үшін замандастарымен жүздесіп, өздерінің қоғам үшін әлі де қадірлі әрі қажет екендерін сезінуге себеп болды.

Нариман БУХАРОВ.

В ЧЕСТЬ ДНЯ УЧИТЕЛЯ

В Доме культуры состоялось торжественное мероприятие, посвященное Дню учителя. Этот день - один из самых значимых и почитаемых праздников для работников сферы образования.

В праздничном мероприятии приняли участие ветераны педагогического труда, директора образовательных учреждений района, учителя школ, молодые специалисты и почётные гости. Атмосфера в зале была пронизана праздничным настроением, благодарностью и искренним уважением к учителям.

С приветственным словом выступил аким района Талгат Ерсеитов, который поздравил всех педагогов с профессиональным праздником.

Во время торжества ветеранам педагогического труда, посвятившим многие годы воспитанию подрастающего поколения, вручили цветы и сказали тёплые слова признательности. Кроме того, учителям, добившимся высоких результатов в области образования и науки, а также прославившим район достижениями своих учеников, были вручены благодарственные письма и грамоты «За особые заслуги».

В преддверии праздника в этом году в образовательные учреждения Астраханского района были приняты на работу 16 молодых специалистов. Их пригласили на сцену и представили присутствующим. С добрыми напутствиями к ним обратилась ветеран педагогического труда, заслуженный педагог Астраханского района Кульшара Маишева, пожелав успехов и терпения на учительском пути.

Во время праздничного вечера районный Дома культуры и учащиеся школ исполнили песни, танцы и стихи, посвящённые учителям.

Мероприятие завершилось концертной программой, наполненной добрыми пожеланиями и словами благодарности. Учителя и ветераны, присутствовавшие на празднике, поделились своими впечатлениями и выразили благодарность организаторам за тёплый приём.

День учителя - это праздник, который вновь напоминает о ценности и значимости учительского труда, подчёркивая важную роль педагогов в обществе. Для педагогов Астраханского района этот день стал по-настоящему памятным, вдохновляющим и духовно значимым событием.

Наш корр.

ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Ауданымызда ауыл шаруашылығы саласындағы маңызды іс-шара – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. «Қазақстанның орталық және солтүстік-шығыс өңірлерінде селекциялық-асылдандыру және технологиялық әдістерді енгізу негізінде қой шаруашылығын жүргізу мәдениетін арттыру» атты бұл конференция Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Рашит Қазихановтың 90 жылдық мерейтойына арналды.



Іс-шараға аудан әкімі Талғат Ерсейітов қатысып, конференцияның маңыздылығын атап өтті. Ол өз сөзінде ауыл шаруашылығын, соның ішінде қой шаруашылығын ғылыми негізде дамыту – ауданымыздың экономикалық өсімінің маңызды бағыты екенін айтты.

Конференцияның практикалық бөлімі ауданымыздың Жарсуат ауылында өтті. Мұнда қатысушылар «К.С.Сүлейменов» шаруа қожалығындағы селекциялық-асылдандыру жұмыстарының жетістіктерімен танысты. Іс-шара барысында шаруа қожалығының жетекшісі Алтынбек Сүлейменов және ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі орынбасары, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Жанат Қасенов сөз сөйлеп, асыл тұқымды қой өсірудегі жетістіктер мен тәжірибелерімен бөлісті.

Конференцияның пленарлық отырысы Астрахан ауылындағы аудан әкімдігінің мәжіліс залында жалғасты. Онда саланың өзекті мәселелері мен даму перспективалары талқыланды. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Қылшық жүнді қойлар» республикалық палатасының атқарушы директоры Қайырлы Омашев қазіргі таңда еліміздегі қой шаруашылығының жағдайы мен болашағы туралы баяндама жасады. Ол Еділбай, Қазақтың қылшық жүнді құйрықты, Ордабасы, Сарыарқа тұқымдарының өнімділік бағытындағы артықшылықтарын атап өтті.

Сонымен қатар, «Асыл Көкше ЗООВЕТСНАБ» ЖШС директоры Бибігүл Токмурзина қой ауруларының профилактикасы мен емінде заманауи ветеринариялық препараттарды пайдалану тәжірибесі жөнінде және тағы басқалары пленарлық отырысы барысында сөз қозғады.

Конференция соңында қатысушылар мал шаруашылығын жаңа ғылыми әдістермен дамыту, сапалы тұқым қоры мен өнімділікті арттыру бағытындағы өзара ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті.

Арман ЖАПАРОВ.